



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ДАЛАДАҒЫ ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІ**Жетіру Арман Мырзабекұлы**13_arman_13@mail.ruЛ.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті, 1 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі-Н.Е.Сайлаубаева

Еуразия территориясында жасалған археологиялық қазбалар түркілердің атамекені туралы жаңа пікірлерді жарыққа шығарады. Өйткені, түркілер мекендеген территорияларда бүгінге дейін жасалған археологиялық зерттеудің саны шектеулі еді. Қолда бар археологиялық зерттеулерге қарағанда б.з.д. 3000 жылдан бастап, б.з.д. 1700 жылдарға дейін Алтай және Саян тауларының орталық болып, дамыған Афанасьев мәдениеті, б.з.д. 1700-ден бастап б.з.д. 1200 жылдарына дейін жалғасын тапқан Андронов мәдениеті болса Тәңірі таулары, Іле өзені, Жетісу өзені, Ертіс өзені және Жайық өзені жағалауларына дейін жеткен. Б.з.д. 1200-ден б.з.д. 700 жылға дейін жалғасып келген Қарасук мәдениеті Енисей жағалары, Тува, Абакан далалары мен Байкал көліне дейін жеткен. Б.з.д. 700 жылдан бастап, Минусинск және Абакан өлкесінен Алтайға дейін созылып жатқан аймақта Тагар мәдениеті, б.з.д. 3 ғасырда Алтайлардың оңтүстік шығысында Пазырық мәдениеті ғұндар дәуіріне дейін жалғасқан

Түркілердің атамекені батыста болғанын алға тартқан пікірлер де бар. Этруск, шумер және сақтармен байланысты жеткілікті деңгейде зерттеулердің жасалмағандықтан осы тақырып бойынша тек алға тартқан пікірлерді атап өтумен ғана шектелеміз. Түркілердің біздің заманымызда да ұлан-ғайыр аймаққа таралғандығы және үнемі әрекет үстінде болғандығы байқалуда. Біздің ойымызша б.з.д. дәуірлерден бүгінгі күнге дейінгі уақыт ішінде Еуразия территориясында түркілердің билік жүргізбеген кезеңі болмаған десе де болады.

Түркі мемлекеттері уақыт және мекен жағынан қарастырылған кезде “Түркі мемлекетін басқару дәстүрі” назардан тыс қалмау керек. Өйткені көне дәуірде түркі болмысына, тіпті билігіне куә болмаған аймақты табу мүмкін емес. Сондықтан түркі тарихын зерттеу және ғылыми нәтижелерге қол жеткізу мәселесі сияқты түркі тарихын түсіндіру және үйрету мәселелері де мұқияттылық пен аңғарымпаздықты қажет етеді. Түркілерде мемлекет түсінігінің мықтылығы соншалық ғасырлар бойы түрлі аймақтарда өмір сүргеніне, түрлі діндерді (буддизм, манихезм, мүсевилік, христиандық, мұсылмандық) қабылданғандықтарына қарамастан 1250 жылдық мемлекеттік түсінікке қатысты түрікше нақылдар бүгінгі таңда да қолданылуда және олар мән –мағынасын онша жоғалта қоймаған. Шындығында да бүгінде тарихи дәуірлердегі түркі мемлекеттері әлдеқашан жоқ болып кеткен, алайда олардан қалған доктрина мен ойлар күнделікті өмірімізде көрініс табуда. Ғұндарда, Көктүріктерде, Селжүк мемлекеті мен Осман мемлекетінде де осылай болған.

Өркениет дегеніміз - латын сөзі «civilis» – азамат, қала тұрғыны немесе қала өркениеті дегенді білдіреді. Бұл ұғымды ежелгі грек тарихшысы Страбонның «өркениет болса, бір қала да жетіп жатыр» деген пікірі дәлел. Егер тарихи есеп жүргізуді Арқайым қаласынан бастасак, онда қазақтар тұрған жерде 300-400 шамалы қала болған. Әрбір қала белгілі аумағымен бірге, жеке мемлекет сияқты тіршілік еткен. Еуразия кеңістігінде қалалар кештеу пайда болды, сондықтан олардың көпшілігі шумер атауларын алған (Самара, Мары, Созақ, Ор, Омбы, т.б.). Өркениет теориясына сүйенетін болсақ қалаларды өркениеттің алғы шарты мен базалық негізі деп санаған. Батыс ғалымы О.Шпенглердің пікірінше, тіршілігі қайнаған, халқы сапырылысқан және өзара байланысы дамыған қала – өркениеттің ең маңызды көрінісі деп айтады. Ал ғалым А.Тойнби болса, қала мен өркениеттің өзара байланысына шек қоймаған, қайта ол «көшпелі өркениеттің» бар екенінен айтпаған («Тарихты өңдеу», XII том).

Орыс ғалымы Л. Н. Гумилев былай дейді: «Көшпелілер мәдениеті өзінің 3000 жылдық өмірі ішінде Жерорта теңізі мен Шығыс өлкесінің халықтарымен салыстырғанда, шығармашылық эволюцияны бастан кешірді». Оның пікірі бойынша, көшпелілер әлемдік өркениетке қомақты үлес қосты. Евразия сахарасындағы бұл көшпелілер өркениетін б.з.д. XI ғасырдан бастап, б.з. XVIII ғасырына дейін жеткізеді. Л.Н.Гумилев дүниенің төрт жағын бірдей жайлаған жер кіндігі Орта Азия, одан қалды Византия, Персияны, Үндімен, Қытаймен қосатын, шын мәнінде Шығыс пен Батыс тоғысатын түркі әлемінің шынайы тарихын көрсетуді мақсат етіп, тәнті болды. «Көшпенділер өркениеті» деген ұғымды Ә.Марғұлан, К.Акишев, К.Байпаков сияқты археолог ғалымдар көбірек пайдаланады. «Көшпенділер қоғамы» деген терминді С.Толыбеков, Д.Кішібеков сияқты ғалымдар ғылыми айналымға енгізді. Сонымен бірге соңғы кезде қазақ сахарасында Дала өркениеті болды»- деген пікірлер де орныға бастады.

Қазақтар қоныстанған аймақтарда өздеріне тән мәдениеті немесе қалалық мәдениеті бар және оған қосымша егіншілік және өзен өркениеті гүлденген көптеген қалалар бой көтерді. Мәдениет жиынтығынан барынша сәтті өркениет қазақ жерінде пайда болды, өйткені қазақтардың ата-бабалары өркениеттің осы бес типін шеберлікпен үйлестіріп, қазақтың өзіндік мәдениетін жасаған. Атап айтқанда, бұған ыңғайлы географиялық жағдай, бай да сан түрлі табиғи қорлар, дамыған қарым-қатынас жүйесі, Ұлы Жібек жолындағы саудадан және оны қорғаудан түскен табыстар, яғни, экономикалық сәттіліктер жәрдемдескен болу керек. Бұл ретте қазақ өркениетінің ерекшеліктерін талдай отырып, менің пікірімше, Еуразиялық кеңістік атағын алған Қазақ даласы мен онымен шекаралас аймақтың тарихына да сүйену барынша қажет. Еуразиялық кеңістігіндегі көшпелілер Дала арқылы өтетін «Ұлы Жібек жолы» сауда ғана емес, мәдениет тоғысу жолы болды. Көшпелі өмір адам мен табиғаттың қадірін білуге дағдыландырды. Даланың өзіндік этикасы мен менталитеті қалыптасты. Түркі әлемінің мемлекеттік жүйесі түркі өркениетінің дәлелі.

А.П.Деревянко есімді зерттеушінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының 1998 жылы өткен сессиясында жасаған "Казахстан – колыбель древнейшей цивилизации" атты баяндамасында қазіргі қазақтардың арғы ата-бабалары Қазақстанда 1 млн жылдан бері өмір сүріп келетіндігін жазды. Д.Ш.Рессерат пен В.А.Рано Орта Азияда тас дәуірінде (850000 жылдары) жергілікті тіршілік иелерінің өмір сүргендігі жөнінде айтқан еді. Байсын тауының Тешік-Таш, Әмір Темір және Мачай үңгірлерінен неандертальдықтардың мекен-жайы, ал Самарқанд қаласының жанынан олар тұтынған тас құралдар табылды. Ондағы 8-9 жасар баланың склеті жақсы сақталынған. Бала арнайы қазылған шұңқырға жатқызылып қабірдің айналасына тау ешкісінің мүйіздері тізіліп қойылыпты. "Қошқар мүйіз" алтайлық орнаменттен орын алып, сақ-скиф дәуірінен бері кең тараған мотив, Тау ешкісінің стильдік бейнеленуі Орталық Азияның көптеген көшпелі халықтарының ою-өрнектерінен орын алған белгі - нышан. Зерттеушілер Жер-Су рухымен тікелей байланысын қарастыруда. А.В.Эдоков деген автор қазіргі алтайлықтардың көркем мәдениетінен мықтап тұрып орын алған ою-өрнектің түп-тамырларының өте тереңге кететіндігі, тіпті палеолиттен бастау алатындығы жөнінде жазған. Гразнов және басқалары ою-өрнекті бүкіл исі түркілерге тән болған өнердің негізі деп санады. Ю.Худяков тамға белгілерінің тау ешкісі өрнегінде берілуі көнетүркілерге тән болған жәйт деп кесіп айтады. Көнетүркілік петроглифтер мен тамғалар, – деп жазады новосибирлік ғалым, – Қола дәуірінің ортаазиялық мәдени дәстүрінен орын алған.

Түркі қағанаты (Бірінші, Түркі қағанаты 551-630; екінші, Түркі қағанаты 681-744 жж.) Еуразия сахарасындағы тұңғыш империя еді. Ол сонау Маньчжуриядан Азов теңізіне дейінгі жерді алып жатты. Мұндай алып империяны кейін Моңғолдар, XVIII-XIX ғғ. Ресей ғана орната алды. Сол дәуірде түркі жазуы пайда болды. Біздің бабаларымыз тасқа қашап, болмыстарын хаттап кетті: «Когда вверху возникло Голубое небо и внизу Бурая земля, между ними обоими возник род людской и воссилени над людьми мои пращуры Бумын каган, Истеми каган. Воссев над царство, они учредили Эль (государство) и установили Тэрю (закон) народа

тюрков. Имеющих головы они заставили склонить головы, имеющих колени они заставили преклонить колени. На восток и запад они расселили свой народ. Они были мудрые каганы, они были могущественные каганы».

Біздің жыл санауымызбен 545 жылы Бумын қағанның ордасына Қытай елшісі келді. Сол кезден бастап, түркі елі халықаралық статуска ие болды. Түрік қағанаты кейінгі Түргеш, Ұйғыр, Қарахан, Қырғыз, Хазар қағанаттарына, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ, Қыпшақ мемлекеттеріне, Алтын Орда Жошы ұлысына, Қазақ хандықтарына жол салды.

Түркі өркениетінің әлемдік тарихқа қосқан үлестерін төмендігідей үлгіде жүйелесек: Тәңірлік дүниетанымды қалыптастырды, Зәрдүш (Зороастр діні тарады; металл қорытудың ежелгі орталығы болды;

Түркі жазуы болды және жыл мезгілін маусымға бөліп, осы күнгі жыл санау дүниетанымын қалыптастырды; Ерекше әскери құрылымы, әскери өнердің шебер үлгілерін қалдырды;

Архитектуралық өнердің өзіндік үлгісін қалдырды: Айша бибі, Алашақан, Сырлытам, Қарахан, Жошыхан, Аяққамар, Жұбанана, Болғанана, Ботағай мавзолейлері т.б.

Би-шешендер бай ауыз әдебиетін қалдырды. Әуез (музыка өнері) шарықтады. Тек қана Қазақ хандығы тұсында 5000-дай күй (аспапты музыка) дүниеге келген;

Мемлекетті басқарудың дала демократиясына сүйенген ерекше жүйесін жасады. Ерте замандардағы төл түркілік сакралдық ұғымдар, дәстүрлер мен мотив-символдарды анықтаудың маңызы зор. Таңба мәселесі Шәкәрім, М. Тынышпаевтың еңбектерінде де жазылған. Этнограф ғалым Ж. Артықбаев: «Евразия даласы көшпенділердің мәдени жетістіктерін толығымен бойына сіңірген қазақ қоғамы өзінің ішкі құрылымы жағынан да, сыртқы құрылымы жағынан да, мән-мағынасы жағынан да ерекше құбылыс болып табылады. Көшпелі қоғамның өмір сүру негізінде қабылданбайтын, өзгелермен салыстыруға келмейтін өзіндік ерекшелігі бар. Мұнда Батыстың да, Шығыстың да мәдени өлшеміне сай келмейтін ерекше мәдениет қалыптасқан. Осы ерекшелікті сезіну – методологиялық парадигманы өзгертуге негіз болуы тиіс. Бәрінен бұрын тарихи таным өзегіне материалдық көрсеткіштер емес, рухани құндылықтар: қоғамдық сана, әлеуметтік-мәдени құндылықтар сияқты факторлар қойылуы тиіс» - деп жазған еді. Міне, осылай, Қытай, Иран, Византиялық өркениеттермен тоғысқан түркілер жаңа мемлекет типін қалыптастырды. Егер, бірінші түркі қағанатында соғды тілі үстем етсе, екінші түркі қағанатында руна жазуы тарады. VII-VIII ғғ. Моңғолия мен Алтайда, Хакасия мен Тувада, Шығыс Түркістан мен Жетісуда Көне түрік алфавитімен жазылған 200-ден астам тас ескерткіштер қалды. Ал біздің ғасыр санауымыздан бұрын V ғасырда өмір сүрген Есік жазуындағы 17 әріптің 13-і көне түркі руникалық алфавит екені белгілі болды. Д.Клеменец көне түркілерді «тамаша халық» деген еді.

VI ғасырда түркілердің әдеби тілі қалыптасты, көрші Шығыс мәдениеті игеріле бастады. Кеңес шығыстанушылары ортағасырда жеті тұрақты тарихи-мәдени орталықтар Еуропалық, Араб-исламдық, Орта Шығыстық, Оңтүстік Азиялық, Орталық Азиялық, Қиыр Шығыстық, Оңтүстік Шығыс Азиялық орталықтары қалыптасты – деп есептейді. Сонымен Алтайдан Донға, кейде Дунайға серпілген бұл өркениет – 2000-2500 жылдың тарихы бар өркениет. Сондықтан «Өркениет» ұғымына біржақты, біржола анықтама беру қиын. Шынында өркениет ұғымы бірқатар әлеуметтік генотипті, әлеуметтік стереотипті меңгерген, сондай-ақ, үлкен, жеткілікті, автономиялық, барынша тұйықталған географиялық кеңістікті игерген және осыған орай әлемдік тарихтан берік орын алған адамдардың мәдениет қауымын білдіреді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Еуразияның түрік мұрасы. VI-VIII ғғ.- Астана: Күлтегін, 2008. – 264 б. – 4-8 бб.
2. Жалпы түркі тарихы. А.Ювалы, Н.Имашова. – Түркістан-2004. – 12 б.

3. Гумилев Н.Л. Хұндар // Орыс тілінен ауд. Ә. Жұмабаев, И. Байсенов. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 558 б. – 87-б.

ӘӨЖ 9 (93-94)

ЕУРАЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТІЛДІК БАЙЛАНЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жұмахан Закиров

zhumaxan.zakirov@inbox.ru

Л.Н. Гумилев ат ЕҰУ, Филология факультеті, 1 курс студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- г.ғ.м., С.Қ Сыздық

Өткенін түгендеп, тарихын зерделемеген жұрт болашаққа нық сеніммен қадам баса алмайды. Ұлттық құндылықтарынан, тілінен, дәстүрінен, дінінен айырылған ұлт, болашағын құру үшін негіз таба алмай, құрдымға кетеді. Оның дәлелі өзінің тарихын, шығу тегін ұмытқан халықтардың басқа үлкен өркениеттерге сіңісіп, жоғалып кетуі. Мұны ғылымда «ассимиляция» деп атайды. Сонау қарт тарихтың қойнауына көз жүгіртсек, атағынан ат үркетін, бүкіл Еуразия даласын алып жатқан Алтын Орданың тікелей мұрагері – Қазақ хандығы еді. Алтын Ордадан бұрын Қыпшақ, Қарлұқ, Оғыз, Қарахан, Түргеш секілді түркі халықтары Еуразия даласын бағзыдан мекен етті. Одан әрі Ұлы Түркі қағанаты, одан да әрі Сақ, Ғұн, Қаңлы дәуіріне барамыз.

Орта ғасырларда Қыпшақтардың ығыстыруымен Оғыз тайпаларының Анадолыға барып түрік Селжұқ тайпасымен бірігіп, Еуропаны 6 ғасырдан астам уақыт үрейде ұстаған қуатты Осман империясының негізін салғаны тарихтан белгілі. Түркі тарихында, тіпті, әлем тарихында ең ұзақ өмір сүрген мемлекеттердің бірі Осман мемлекеті еді. XIII ғасырда Анадолы түбегінде Осман империясы құрылған уақытта, Орта Азия жерінде Шыңғыс хан және оның ұлдары өз билігін орнатты. Үлкен ұлы Жошыға Ертістен Орал тауына, одан оңтүстікке қарай Каспий мен Арал төңірегіне дейін, Орта Азияда Солтүстік Хорезм мен Сырдария аймағын берсе, Шағатайға Мәуереннахр, Жетісу, Шығыс Түркістан аймағы қарады. Ал, Үгедей Батыс Моңғолия, Тарбағатай жерлеріне, кіші ұлы Төле Моңғолияның өзіне иелік етті. Өз кезегінде Жошының ұлы Бату бастаған Алтын Орданың айбынды әскері орыс кінәздіктері мен Шығыс Еуропаны табанының астында ұстады. Төленің бір ұлы Құлағу Иран, Ирак, Ауғанстанда Ильхан мемлекетінің негізін салса, екінші ұлы Құбылай Қытайды бағындырып Юань әулетінің императоры болды. Осы тұста Әмір Темір ұрпақтары Үндістанда Ұлы Моғол Империясын құрды, Қыпшақ Мәмлүктері Мысыр, Бағдат, Сирия жерінде сұлтан атанды. Еуразия даласының осынау ұлы қолбасшыларының тегі түркі екенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Тарихтың осылай екенін біле тұра саяси тарих еуроцентрістік көзқарас ұстанып келді, адамзат тарихындағы Ұлы өркениеттің ірі ошағының бірі түркі халықтары екенін мойындағысы келмеді. Кеңестік тоңмойын идеологияның темір құрсауынан шыға алмай, түркі жұрттарының арғы тарихына қатысты мағлұматтарды таразыламайтын, саясаттың қолшоқпарына айналған жалған тарихшылар көбейді. Мектептер мен жоғарғы оқу орындарында тарихты XX ғ. бас кезіндегі оқиғалардан бастап оқытты, тарих ғылымы қатты бұрмаланып, жабайы, тағы көшпелілерде ешқандай өркениет болмаған деген қате көзқарастар қалыптасты. Тарихымызды қайта қарап, түзеуге тырысқандарға «пантүрікшіл» «ұлтшыл» деп айып тақты. Осылайша біз өз тарихымыздан өзіміз жерітін халге жеттік.

Олай болатын болса, неше мыңдаған жылдар бойы Еуразия даласының төсінде арлы-берлі, оңды-солды еркін жортқан, бірде алып империя орнатып, бірде өзгенің боданында күн